«Алматы қаласы музейлер бірлестігі» КМҚК

«Бекетімін»
«Алматы қаласы
музейлер бірлестігі»
КМҚК директоры
Л.Қ.Сағындықова
«20» 12 2024 ж.

ҚОР САТЫП АЛУ КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫНЫҢ
№ 6 ХАТТАМАСЫ

«20» желтоқсан 2024 ж.

Комиссия төрағасы: Р.Қайратұлы – директордың ғылым жөніндегі орынбасары
Комиссия мүшелері:

- **Р.О. Турсумбекова** – бас қор сақтаушы
- **Л.Ұ. Абекова** - қор сақтау және есепке алу бөлімінің жетекшісі
-
- **М.М.Нұрпеисов** – аға ғылыми қызметкер
- **Б.Ж Тайшеев** - кіші ғылыми қызметкер
- **Н.Ж.Бектұрсынов** – реставратор

Комиссия хатшысы: **Э.К. Онайбекова** – қор сақтаушы

Қатыспаған: Н.П.Чулакова –тарихи-мұра бөлімінің жетекшісі- белгілі себептерге байланысты.

Күн тәртібі:

«Алматы қаласы музейлер бірлестігі» КМҚК қор коллекцияларын толықтыру мақсатында сатып алынуға ұсынылған заттарды бағалау.

Р.О. Турсумбекова - Бүгінгі отырысымызда ақылы негізде тапсырылып отырған қазақтың бесігін, зергерлік бұйымдарды және Алматы қаласын бейнелейтін картиналарды саралап, мәдени, экспозициялық құндылығын зерделей отырып, бағасын талқылауға саламыз. Өткізілген заттарға рәсімделген сараптау комиссиясының қорытындысы мен арнайы компания ұсынған бағалау құнын қарап, ондағы заттардың сипаттамасы және жалпы жай-күйімен танысып отырыңыздар. Аталған заттарды мұқият қарап, өз пікірлеріңізді ортаға салуларыңыз сұралады.

І.ТЫҢДАЛДЫ:

Л.Ұ.Абекова: Сіздердің назарларыңызға ұсынылып отырған музейлік заттарды ЖК «Байтанаев Н» ұсынылып отырған бұйымдары үшін келесі соманы сұрап отыр:

№	Бұйымның атауы	Саны (с.б.)	Сомасы (теңге)
1.	Бесік	1	700 000
2.	Өңіржиек	1	2 700 000
3.	Көзі бар қос білезік	2	600 000
4.	Жалпақ білезік	1	400 000

5.	Қос білезік	2	600 000
6.	Жүзік	1	350 000
7.	Тұмар	1	500 000
8.	Картина Тё Елена «Здание Министерство культуры», 2024ж.	1	750 000

Барлығы: 8 атаулы бұйым (10 сақтау бірлігі) жалпы сомасы **6 600 000 (алты миллион алты жүз мың) теңгені** құрайды.

Сіздердің назарларыңызға ұсынылып отырған бірінші зат – бесік. Бесік — нәрестені бөлеуге арналған ағаш төсек. Бесік көшпелі өмір кешкен қазақ халқы арасына ертеден тараған киелі заттың бірі. Қазақ бесікті қарағай, қайыңнан, көбіне талдан иіп жасайды. Мұндай бесік жеңіл, ықшам әрі берік, көшіп-қонуға ыңғайлы болады. Бесік баланың тазалығына өте қолайлы. Сіздердің алдарыңыздағы бесік талдан иіп жасалған. Жамбыл ауданы Ұзынағаш ауылының тұрғыны Қорамбековтер отбасына тиесілі. Бесікті атасы Қорамбек өз қолымен балаларына арнап шамамен 1920 жылдарда жасаған.

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Р.Қайратұлы: Музей қорын толықтыру мақсатында және экспозиция құру кезінде, жылжымалы көрмелерге апарғанда музейге маңызы бар, құнды, болашақта ұрпағымызға халқымыздың тарихын аша алатын материалдарды алуға тырысып келеміз. Оның ішінде қазақ этнографиясына байланысты да материалдарды алып жатырмыз. Бесік қазақ халқында қасиетті, киелі құтты мүлік болып есептеледі. Бесіктің ескі екендігі байқалып тұр, жақсы жасалған. Иесінің сұрап отырған бағасы орынды.

Н.Ж.Бектұрсынов: Бесік талдан иіп жасалған, ағаштары ескі, тоза қоймаған, сақталуы нашар емес, тазалап, мастикамен сіндіру жұмыстарын жасаса, алдағы уақытта жақсы сақталады. Шамалы реставрация жасалып жіберсе болады. Сұрап отырған бағасымен келісемін.

Б.Ж. Тайшеев: Мен де әріптестеріммен келісемін, бесік әрбір шаңырақта орын алатын құнды бұйым, қазақ халқы балалары өсіп кеткеннен кейін бесікті жоғарыға іліп қоятын болған, себебі келесі ұрпаққа сақтаған. Мына бесік те ұрпақтан ұрпаққа сақталған бесік, ескілігімен құнды.

Қазақтың зергерлік өнері ұлттық мәдениет тарихынан ерекше орын алатыны бәрімізге белгілі. Ұсынылып отырған зергерлік бұйымдардың арасынан жүзік пен білезіктерді алуға келісемін. Білезік пен жүзік – әйелдерге арналған әшекейлердің ішінде ең көп кездесетін түрлері. Білезіктер мен жүзік тартымды, қазақтарға тән ою-өрнектермен және геометриялық фигуралармен өрнектелген. Дайындау стилі мен технологиясы бойынша түрікмен және қазақ әшекейлерінің ерекше ұқсастығы болып табылады. Бейнелік үлгісі тұтас қос білезік ретінде орындалған, білезіктің бетіне ақық тастар үйлесімді орнатылған. Білезіктер күмістің жұқа табақтарын дәнекерлеу арқылы жасалған, бетіне алтын жалатылған.

Л.Ұ.Абекова: Қазақ халқының ерте заманнан бастау алған зергерлік өнері халық өмірімен, тарихымен, шаруашылығымен тығыз байланыста дамып келеді. Адам баласы ежелден әшекей бұйымдарды киімнің ажырамас бөлігі ретінде санаған. Ұсынылып отырған бұйымдардың ішінде білезіктерге тоқталып кеткім келеді. Қос білезік, жүзік және көзі бар білезіктер Қазақстанның Батыс өңірінікі. Таза күмістен жасалған, бедерлеп, нақыштап салған өрнектері де ерекеше сол өңірге тән екендігі байқалады. Бұл білезіктер құнды, бірегей және ерекше. Біздің қорда осыған ұқсас білезіктер кездескенімен, дәл осындай өрнектермен, тастармен жасалғандығы жоқ. Білезіктер көне деп айта аламын, себебі ішкі беті тоза бастаған екен.

Ұсынылып отырған зергерлік бұйымдардан жүзік пен білезіктерді алуға келісемін, иесінің сұрап отырған бағасы шынайы.

Р.Қайратұлы: Бүгінгі отырыста ұсынылып отырған бесік те, зергерлік бұйымдар да, Алматы қаласына байланысты салынған сурет те музей үшін өте маңызды, қажет және құнды деп айта аламын. Иелерінің сұрап отырған бағалары қымбат емес, орынды. Тек айта кеткім келгені суреттің авторы Тё Елена Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, 1988 жылдан бастап бейнелеу өнерімен айналысады, республикалық және шетелдік көрмелерге жиі қатысып жүр екен. Сонымен қатар суретшінің картиналары біздің қорда да бар және Алматы музейі шығарған каталогқа суреттері енген.

Р.О. Турсумбекова: Қазақ ұлттық әшекейлері – бұл жай ғана зергерлік бұйымдар емес. Бұл-ұлттық мәдениет пен тарихтың күрделі бөлігі. Қазақ зергерлерінің зергерлік өнерінің негізгі бағыты - әйел әшекейлері. Олардың танымалдығы әйелдердің асылдарға деген сүйіспеншілігі ғана емес, ұлттық салт-дәстүрлермен де байланысты.

Комиссия мүшелерінің назарына ұсынылып отырған зергерлік бұйымдарды саралап қарап отырсам, білезіктер мен жүзік өте құнды, ескі, әріптестерімнің пікірімен келісемін, өте орынды айтылды. Тұмар мен өңіржиектерге тоқталып өтсем.

Тұмар - зиянды тылсым күштерден, тіл-көзден сақтайды деп сенген ежелден келе жатқан қазақ халқының бұйымы. Әрине тұмардың түрлері көп, біздің қазақи нақышта жасалған тұмардың көпшілігі үшбұрыш формада жасалатындығын бәріміз білеміз. Ұсынылған тұмарды алуға қарсымын, себебі қазақ халқының стиліне келмейді және ою-өрнектері, бедерлері де басқаша. Материалы тым жұқа, майысқан жерлері бар. Иесінің сұрап отырған бағасы тым қымбат.

Өңіржиек – кеудеге тағылатын әшекей зат. Біздің қорымызда жоқтың қасы. Өңіржиек музей қорын толықтырары сөзсіз және де көрмелерге апаруға таптырмас дүние, қазақ халқының стилінде жасалған, Батыс өңіріне тиесілі дегім келеді.

Р.Қайратұлы: Алматы қаласының көне ғимараттарының бірін бейнелеген Тё Еленаның картинасы жақсы, композиялық ортасы бар, тақырыпты аша білген. Алматы музейінің қорын толықтырары сөзсіз. Бағасымен келісемін.

Зергерлік бұйымдарға келсек, жүзік, білезіктер өте керемет орындалған жұмыс. Материалдары күміс, бедерлеп, нақыштап, оюлап, зерлеп жасалған. Жүзік пен қос білезіктер Батыс өңіріне жататындығы, салынған ою-өрнектерімен, жасалған стильдерінен байқалып тұр. Менің пайымдауымша ақық көз немесе тас салынған білезіктер XX ғасырдың басында, ал қос білезік пен жүзік ортасында жасалынған.

.

Н.Ж.Бектұрсынов: Жалпақ білезік күмістен, толық пластина ретінде жасалған, төрт ақықтан салынған көздері бар. Жасалу техникасы бедерлеу мен филигранды дәнекерлеу. Бетіне дәстүрлі қазақтың ою-өрнектері салынған. Білезік XX ғасырдың басында Орталық Қазақстанда жасалған деп айтуға болады. Сақталуы жақсы, музейлік құндылығы бар.

Өңіржиек Қазақстанның Батыс өңірінде кеңінен тараған, әйел адамдар кеудеге тағатын әшекей. Өңіржиекті қыз жасауына қосатын, бағалы, құнды әшкей болып саналған. Көбіне өңіржиектер үш немесе төрт пластинадан тұрады. Біздің назарымызға ұсынылып отырған бұйым екі төртбұрышты және бір бесбұрышты күмістен жасалған, алтын жалатылған пластинадан тұрады, олар бір-бірімен шынжырлар арқылы қосылған. Жоғарғы екі пластина бірдей геометриялық өрнектермен бедерлеп өрнектелген, зерленген.

Бұл зергерлік бұйымдар ұрпақтан ұрпаққа беріліп келе жатқан бұйымдар екені анық. Иесінің сұрап отырған бағалары орынды, бұйымдарды алуға болады.

Жоғарыда тұмарша жайлы айтылған әріптестерімнің пікірімен келісемен, бағасы қымбат, ою-өрнектері, стилі, қазақ дәстүріне ұқсамайды.

Комиссия мүшелері ұсынылып отырған төмендегі заттарды төмендегідей бағамен сатып алуға келісті.

№	Бұйымның атауы	Саны (с.б.)	Сомасы (теңге)
1.	Бесік	1	700 000
2.	Өңіржиек	1	2 700 000
3.	Көзі бар қос білезік	2	600 000
4.	Жалпақ білезік	1	400 000
5.	Қос білезік	2	600 000
6.	Жүзік	1	350 000
7.	Картина Тё Елена «Здание Министерство культуры», 2024ж.	1	750 000

Барлығы: 7 атаулы бұйым (9 сақтау бірлігі) жалпы сомасы **6 100 000 (алты миллион жүз мың) теңгені** құрайды.

ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. Комиссия мүшелерінің шешімімен музейге сатып алынбаған зат –тұмар иесіне қайтарылсын.
2. Комиссия шешімімен көпшілік дауыспен музейлік мәні бар заттардың 7 атаулы бұйым (9 сақтау бірлігі) сатып алынып, негізгі қорға қабылдансын.
3. Қорға сатып алуға ұйғарылған заттарға қатысты комиссия мүшелері белгілеген бағалар заттардың иесіне таныстырылсын.

Алматы қаласы музейлер бірлестігінің қор сатып алу комиссиясының № 6 хаттама музейлік маңызы бар сомасы **6 100 000** (**алты миллион жүз мың**) теңгеге 7 атаулы (9 сақтау бірлігі) бұйым музей қорына сатып алынсын.

Қолдар:

Комиссия төрағасы: Р.Қайратұлы

Комиссия мүшелері: Р.О. Турсумбекова

Л.Ұ. Абекова

М.М.Нұрпеисов

Б.Ж.Тайшеев

Н.Ж.Бектұрсынов

Хатшы: Э.К. Онайбекова